

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
« __ » _____ 20 __ года

22.04.2024ж жарияланды

Қазақстан
Республикасы
Премьер-Министрдің
орынбасары
Т.Б. Дүйсеноваға

Депутаттық сауал

Құрметті Тамара Босымбекқызы!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау өлкесінде өткен биылғы құрылтайда мәдени мұраларға ерекше көңіл бөлу керектігін баса айтты.

Соңғы жиырма жыл ішінде еліміздегі аса маңызды археологиялық ескерткіштердің көбі әбден тоналғанын тілге тиек еткен мемлекет басшысы бай тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау үшін археология саласында тәртіп орнатуымыз керектігіне арнайы тоқталды.

Бүгінгі депутаттық сауал Түркістан облысындағы мәдени мұраларымыз бен тарихи нысандарымыздың тапталып жатқанына және оны оңтайлы шешу барысына арналады. Бұл түйткілді мәселе «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында қарастырылған.

Түркістан облысының топырағын түртсең, қазақтың тарихына кезігесің. Қасиетті өлкенің табиғаты, топырағы, суы бәрі-бәрі тұнып тұрған шежіре. Дегенмен, бүгінде сол мәдени мұраға енген тарихи нысандар ашық – шашық күйде жатыр. Тіпті, қараусыз қалып қойды десекте болады. Салдарынан жаңбыр мен қар суынан зардап шегуде.

Мәселен, қазақ хандығының ең алғашқы астанасы болған бұрынғы Созақ қалашығының орны төбе болып үйіліп жатыр. Оны зерттеп, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге бүгінде көңіл бөлінбей келеді. Яғни, қазақтың тарихына қатысты көптеген дәлелдер мен дәйектер топырақ астында көмілген күйі қалып қойды. Ал, жергілікті билік тарихи нысанды қорғаудың орнына, үстіне көлік жүретін жол салып тастаған. Біздің бай тарихымыз аяқасты болып жатыр.

Сауран ауданына қарасты Ескі Иқан ауылындағы тарихи қалашыққа жергілікті кәсіпкер азық-түлік дүкенін салып тастаған. Бұл Тұрсын мен Барақ хандар билік құрған Иқан қалашығының қорғаулы аймағы жекенің қолына өтіп кеткенін көрсетеді. Негізінен көне тарихтан сыр шертетін аумақ мемлекеттің қорғауында болғандықтан онда ешқандай ғимарат салуға рұқсат берілмеуі қажет.

Ал, Сайрам ауданындағы Ханқорған қалашығынан аспан астындағы мұражай жасауға болады. Себебі, қазақ тарихында Ханқорған төбесінің алатын ерекше орны бар. Жаугершілік заманда ұлтымыздың ұстыны болған киелі жер қазақ ханы Абылайдың бекінісі болған деген тарихи дерек те бар. Яғни, Абылай ханның ізі қалған. Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты осынау мәдени мұра қайта зерттелді. Сол кезде сынған құмыралар, жартылай құлаған ошақтар, диірмен, тіпті, адам сүйектері де табылды. 4 метр тереңдіктен үйдің ішкі бөлмелері көрінді. Дегенмен, уақыт өте келе археологиялық жұмыстар тоқтап қалды.

Кентау қаласына қарасты Қарнақ ауылында Тайқазан құйылған орын бар. Бүгінде ол да жәй төбешік күйінде қалып келеді. Нәтижелі жұмыстың болмауынан Бәйдібек ауданындағы Ақмешіт үңгірінде жабайы туризм дамып жатыр.

Айта берсе, ел ішінде мұндай мысалдар көптеп саналады. Отырар мен Ордабасы жерінде де, Жетісай мен Сарыағаш, Түлкібас пен Төле би, Бәйдібек пен Сауран топырағында да, жалпы өңірде төбешік болып үйіліп қалған тарихи орындар көп.

Құрметті Тамара Босымбекқызы осыған байланысты төмендегі мәселелерге назар аударуыңызды сұраймын.

1. Созақ ауданы, Созақ ауылындағы тарихи қалашық орнын қоршау қажет. Мүмкіндік болса археологиялық қазба жұмыстарын бастау керек. Себебі, Созақ қазақ хандығының тұңғыш астанасы болған жер. Онда біздің тарихымызға қатысты тың дүниелер шығуы мүмкін.

2. Сайрам ауданындағы Ханқорған қалашығындағы археологиялық жұмыстарды қайта жалғастыруды сұраймын.

3. Тайқазан құйылған Қарнақ ауылына арнайы белгі орнатып, сол кездің зергерлері мен ұсталары жайында арнайы мағлұмат жазуды жөн деп санаймын. Себебі, Түркістанға келген туристер, Тайқазан құйылған ауылға баруға қызығушылығы артары анық. Екі арадағы жол небәрі 30 шақырымды құрайды.

4. Отырар, Оқсыз, Құйрықтөбе және Алтынтөбе секілді Отырар қалашығы маңындағы көне ескерткіштер мен Түркістан маңындағы Күлтөбе, Шойтөбе және Сауран қалашықтарында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу қажет.

Бүгінде топырақ астында тапталып жатқан бай мұрамызға, Ханқорған, Дәуіттөбе, Шойтөбе, Сынтас, Сүткент секілді қалашықтарға кешенді археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, орта ғасырдағы көрінісін қайта қалпына келтіруге ықпал етуіңізді сұраймын. Сондай-ақ, тарихи нысандарды

қоршап, ол жерден табылған тарихи дүниелерден музей ашу ісін қолға алуымыз қажет. Сонда тарихымызды түгендеп, туризмнің дамуына да оң ықпал етер едік.

**Құрметпен,
«АМАНАТ» партиясы
Фракциясының мүшесінің
Депутаттары**

**Депутат «Жалпыұлттық
социал-демократиялық»
партиясы фракциясының
мүшесі**

**Ұ. Сәдібеков
Қ. Балабиев
Т. Қырықбаев**

А. Сағандықова

Орынд: Н. Хасанов
Тел: 74-64-02
8-702-401-01-01